

ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫНДАҒЫ БҚАТУ

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТҰҒЫРЛЫ,
УНИВЕРСИТЕТІМІЗ ҒҰМЫРЛЫ БОЛСЫН

73 ПАТЕНТКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК



Болатқали ТҮЛЕБАЕВ,
«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтының» еңбек ардагері, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР ғылымын дамытуға қосқан еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері:

Биыл Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының зоотехникалық факультетіне оқуға түскеніме – 50 жыл. Соның ішінде 37 жыл өмірім өзім білім алған университетімде өтіпті. Бүгінде зейнеткерлік жасқа жетіп, еңбек демалысына шықтым. Құрылғанына 58 жыл болған білім ордасының бай тарихы, өсіп-өркендеу жолы, университет дәрежесіне көтерілуі, заманауи ғылыми-білім беру және өндірістік кешенінің салынуы мен қалыптасуы – көз алдымызда өтті. 1991 жылдан басталған 30 жылдық педагогикалық қызметім тәуелсіздікпен тұспа-тұс келіп отыр. Біз де университетімізбен бірге өстік, жетістіктер-

ге жеттік, ғылыми және педагогикалық бай тәжірибе жинадық. Әр оқытушы, әр ғылыми қызметкер қандай жетістікке жетсе де, ұжымның бірлескен жұмысының нәтижесі.

Бұрынғы ректор, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Қазыбай Бозымовпен бірлесіп, бірнеше ғылыми монографиялар мен оқу құралдарын шығардық, бұрын болмаған қазақ тіліндегі оқулық кітаптарды жазуға, ғылыми, оқу-әдістемелік терминдерді қалыптастыруға атсалыстық. Оқу үрдісін қазақ тілінде жүргізуді алғаш бастап, жыл сайын жетілдіруге біліміміз бен күшімізді жұмсадық.

Тәуелсіздіктің басты тартуларының бірі – мыңдаған білім алушылардың бакалавриатта, магистратурада және докторанттардың қазақ тілінде кәсіби жоғарғы білім алуға, ана тілінде диссертацияларын қорғауға мүмкіндік алуы. Сонымен қатар университеттің көпдеңгейлі білім беретін халықаралық Болон жүйесіне өтіп, іс жүзінде жүзеге асыруы, академиялық ұтқырлықтың мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануы, білім көкжиегінің кеңеюі. Оқу орнының инфрақұрылымының жылдан жылға нығаюы, оқу бағдарламаларының жетілдірілуі, ақпараттық технологиялар компоненттерінің ұлғайтылуы, шетел тілдерін меңгеруге талаптардың күшейтілуі, ғылыми-зерттеу орталығында заманауи аккредиттелген ғылыми зертханалардың жұмыс жасауы, студенттерге қызмет жасау орталығын ұйымдастыру және іске асыру – сөз жоқ үлкен жетістік. Жақсы жабдықталған Жәңгір хан атындағы спорт кешені де – жастарға, қызметкерлерге және профессор-оқытушылар құрамына жасалған қамқорлық. Шағын пікірде тәуелсіздіктің бізге бергені мен білім ошағының 30 жылдағы жетістіктерін толық айтып тауысу мүмкін емес. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, университетіміз ғұмырлы болсын!

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР КӨПТЕП ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



Сәрсенбек МОНТАЕВ,
Индустриалды-технологиялық институтының директоры, техника ғылымдарының докторы:

Тәуелсіздіктің арқасында білім-ғылым саласында оң өзгерістер орын алды, әлі де жалғасуда. Біздің Индустриалды-технологиялық институттағы барлық мамандықтар жаңа бағытта, еліміздің даму сатысына сәйкес заманауи технологиялармен оқытылуда. Қоғамға қажетті, бәсекеге қабілетті, ел экономикасына өз үлесін қосатын мамандар даярлауға қол жеткіздік. Білім саласында көптеген реформалар жүргізілді. Біріншіден, жоғары оқу орнының жүйесі үш сатылы мамандар даярлауға көшті. Бакалавриат, магистратура және докторантура. Мұның өзі үлкен өзгерістерге алып келді. Себебі, дамыған мемлекеттер осындай оқыту жүйесін қолға алған. Үш сатылы

оқыту жүйесіне көшкеннен кейін барлық мамандықтардың оқу бағдарламасын өзгерттік. Жоғары оқу орындарына бакалавриатқа білім алушыларды қабылдау жүйесі өзгергенін білесіздер.

Қазақстандағы әр өңірдің өзіне қажет мамандықтар бар. Біздің батыс аймақта мұнай-газ, құрылыс, машина жасау салаларының мамандары тапшы. Сондықтан осындай мамандықтарға көңіл бөліп, оларды сапалы түрде даярлауға көштік. Алдымызға үлкен жоспарлар қойдық. Өз елімізге қажетті мамандарды өз қалауымызбен даярлауға мүмкіндік алдық.

Оның үстіне біздің институттың материалдық-техникалық базасы жақсарды. Кез келген ғылыми жобаларды өзімізде жүзеге асыра аламыз. Институтта бірнеше зертхана жұмыс жасайды, әр сала бойынша көптеген заманауи бағдарламалар жүзеге асырылуда. «Білімнің өзі ғылыми негізде берілуі керек» деген қағидамен жұмыс жасаймыз. Соның нәтижесінде білім алушылардың теориялық білімі мен практикалық деңгейі жоғары болады. Сонымен қатар жұмыс берушілермен қарым-қатынасты жолға қойдық. Олар бізге өндіріс ошақтары мен кәсіпорындарға қажетті пәндер бойынша арнайы тапсырма береді. Бұл ортақ ынтымақтастық өз жалғасын таба береді.

Бүгінде технология қарыштап дамып келеді. Сол себепті бір орында тұрақтап қалуға болмайды. Осы ретте робототехника саласын әлі де дамытуымыз керек.

Тәуелсіздік – басты байлығымыз. Тәуелсіздік жылдарында Баллондық келісімге қосылдық. Ғылым-білім жолындағы көптеген жетістіктерімізге егемендіктің арқасында қол жеткіздік. Алдағы уақытта да ғылым мен білімнің сапасын жетілдірер озық ойлы жастарымыз көбейе түсеріне сенімдімін.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – Батыс Қазақстан өңірінің көпсалалы ірі аграрлық-техникалық ғылыми-зерттеу және білім беру орталығы. Сондықтан өңірдің инновациялық ғылыми-зерттеу саясатын орындауда ғалымдардың және ғылыми-техникалық білімді таратуға бағытталған әзірлеушілердің зияткерлік әлеуеті шоғырланған университеттің рөлі басым. Отыз жылда оқу ордасының қол жеткізген жетістіктері көп, солардың бірі – биотехнология және жұқпалы аурулар диагностикасы зертханасы. Бұл зертхананың қызмет көрсету бағыттары: ірі қара малы мен жылқыларды ДНК-паспорттау; сот талқылауы кезінде жануардың шығу тегін анықтау; Covid-19 диагностикасы; ауыл шаруашылығы жануарларының қанын морфологиялық талдау.

2018 жылдан бері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің шешімімен университетіміз негізгі ғылыми-практикалық орталық – мал шаруашылығы жөніндегі координатор болып табылады. Яғни республиканың ғылыми әлеуетін арттыруға, ғылыми зерттеулерді кешенді жүргізу және ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу жолымен мал шаруашылығының тиімділігін жетілдіруге, сондай-ақ курстар, семинарлар мен конференциялар арқылы мал шаруашылығы мамандарының біліктілігін көтеруге үлес қосуда.

Ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерцияландыру және масштабтау үшін «AGROTECH HUB» жобалық кеңсесі құрылды. AGROTECH HUB инновациялық бизнес-идеяларды, технологияларды табыстауды, оқыту мен консалтингті дамытады, бизнес, ғылым және мемлекеттік құрылымдар



Айгүл КАЗАМБАЕВА,
Ғылым басқармасының басшысы:

өкілдерінің ақпараттық-консультациялық қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

2021 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жалпы көлемі 972,7 млн. теңгені құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 46% -ға артық. Барлығы 14 ғылыми жоба орындалды, олардың гранттық қаржыландыру көлемі – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің алты жобасы, бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру шеңберіндегі 8 жоба.

2010-2020 жылдары университет өнертабысқа 73 патент алса, оның ішінде 20-сы – техникалық бағытта, 10-ы – ветеринария саласында, жетеуі – селекциялық жетістіктер саласындағы патент, сегізі – құрылыс саласындағы және 28-і ауыл шаруашылығы бағытындағы патент.

ТӘУЕЛСІЗДІК БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?!



Есқайрат ХАЙДАРОВ,
«Рухани жаңғыру» орталығының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты:

Бұл сауалға тарихшы ретінде «сан ғасырлардан бергі ата-бабаларымыздың арманы орындалды» дер едім. Тәуелсіздікке халқымыз онай қол жеткізген жоқ. Тәуелсіздік жолында аға ұрпақтың қаны мен қиналысы жатыр. Алаштың өр тұлғалы ұлдары мен «Желтоқсанға» қатысқан жалынды жастардың қасиетті арманы мен бізге қалдырған аманаты жатыр. Ел тәуелсіздігін, өркендеуі мен тұрақтылығын көзімізбен көріп отырған біз – бақытты ұрпақпыз. Ата-бабаларымыздың ұзақ уақыт елдік үшін, азаттық үшін жүргізген күресінің нәтижесінде келген ел тәуелсіздігін ардақтап, құрметтеу – біздің міндетіміз.

1991 жылы 16 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Кеңесінің 7-сессиясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Осы құжатқа сәйкес, еліміз өз алдына дербес мемлекет ретінде бүкіл әлемге таныла бастады. Бізді алғашқылардың бірі болып Түркия, сосын АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания

сынды ірі-ірі мемлекеттер мойындады. 1992 жылы 3 наурызда Қазақстан БҰҰ-на мүше болып қабылданды. Осылайша тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан жас мемлекет ретінде әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі болып өз орнын айқындай түсті.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік-саяси басқару жүйесі қалыптасты. 1992 жылы маусым-желтоқсан айларында мемлекеттің рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Әнұраны қабылданды. 1993 жылы 28 қаңтарда тұңғыш конституциямыз қабылданып, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда еліміздің жаңа конституциясы бекітілді. Қазақстанның конституциялық дамуы барысында елде күшті президенттік басқару түрі қалыптасты. 1994 жылы 7 наурызда Қазақстан Республикасының тұңғыш кәсіби Парламенті сайланды. 1995 жылдан кейін қос палаталы парламенті қалыптасты. Үкімет елдегі қиын экономикалық жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік алды. Осы кезеңде құқық қорғау органдары, сот жүйесі пайда болып, еліміз құқықтық мемлекет ретінде орнықты. Тәуелсіздік жылдарында ел басшылығы көрші мемлекеттермен шекарасын айқындап, қорғаныс саласын да нығайтты.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу бағытын қолға алды. 1993 жылдың 15 қарашасында республиканың ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді. 1997 жылдан бастап «Қазақстан – 2030» стратегиясы жүзеге асырылса, 2012 жылы жарияланған «Қазақстан – 2050» стратегиясы негізінде ҚР әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатын қойып отыр.

Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өткен Қазақстан – экономикасы қарыштап дамыған, әлеуметтік әлеуеті артқан, демократиялық құндылықтарды қадірлейтін мемлекет ретінде өзін әлемге әйгіледі. Қазақ елінің болашақта да халықтар арасындағы ынтымақтастықты ту етіп, алға қойған стратегиялық бағыт-бағдарларды басшылыққа ала отырып, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани жағынан дами берері ақиқат.